

# **«Артикуляциялық жаттығулар»**

(тәжірибе)

**Педагог-психолог: Садыкова Д.Р**

**Мақсаты:**

- Балалардың сөйлеу мүшелерін дамыту
- Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету
- Тіл, ерін, жақ бұлшықеттерін нығайту

**Міндеттері:**

- Артикуляциялық аппаратты жаттықтыру
- Дұрыс тыныс алуды қалыптастыру
- Сөйлеуге қызығушылықты арттыру

**Қажетті құралдар:**

- Айна (әр балаға немесе ортақ)
- Суреттер, ойыншықтар
- Тәрбиешінің үлгі көрсетуі

**«Күлімдеу»**

**Мақсаты:** ерін бұлшықеттерін дамыту

**Орындау:** балалар тістерін көрсетіп, кең күлімдейді 5-7 секунд ұстап тұрады.

**«Түтікше»**

**Мақсаты:** ерін икемділігін арттыру

**Орындау:** Ерінді алға созып, түтікше жасайды. 5 рет қайталайды.

**«Тәтті тосап»**

**Мақсаты:** тіл ұшын жаттықтыру

**Орындау:** Тілді жоғары ерінге тигізіп, «тосап жалап жатқандай» қимыл жасайды.

**«Сағат»**

**Мақсаты:** тілдің бүйір қимылын дамыту

**Орындау:** Ауызды ашып, тілді оңға – солға қозғалту.

**«Ат шабады»**

**Мақсаты:** тілдің ұшын күшейту

**Орындау:** Тілді таңдайға тигізіп, «шап-шап» дыбысын шығару.

**«Саңырауқұлақ»**

**Мақсаты:** тілдің кеңеюін дамыту

**Орындау:** Тілді таңдайға жабыстырып, ауызды кең ашу.

**«Жылан»**

**Мақсаты:** тілдің дәл қозғалысын қалыптастыру

**Орындау:** Тілді алға шығарып, жіңішкертіп ұстап тұру.

**Күтетін нәтиже:**

- Дыбыстарды анық айтады
- Сөйлеу мүшелері дамиды
- Баланың өзіне сенімі артады.
- Сөйлеуге қызығушылығы өседі

**Қорытынды:**

Артикуляциялық жаттығулар – баланың таза әрі анық сөйлеуінің негізі.